

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жыл сайын «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет есептерін жария талқылау жүргізіледі. Жария талқылаулар сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің есептілігі мен ашықтығы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін ұдайы жетілдіру, оларды көрсетудің үнемділігі мен тиімділігі қағидаттарының іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған.

Ағымдағы жылдың 12 тамыздан бастап 18 тамызға дейін Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» КМҚК сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Жария талқылаулар» кіші бөлімінде 2024-2025 ж.ж. мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет нәтижелері туралы есеп орналастырылды.

Қала тұрғындарына «Түсініктеме» терезесінде ұсыныстар немесе ескертулер қалдыру мүмкіндігі беріледі.

Қаланың барлық тұрғындарына қоғамдық талқылауларға белсенді қатысуға өтініш білдіреміз.

Жария талқылау қорытындысы бойынша Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» КМҚК сайтында жария талқылау қорытындылары туралы қорытынды орналастырылады.*

**Рудный қаласы білім
бөлімінің «№ 15 балабақшасы»
КМҚК**



Ж.С.Кузембаева